Шағын үстел есіктің ішіндегі есікті ашып, кішкентай тағамдарды қоюға және алуға болатын ыңғайлы орынды қамтамасыз етеді.



**1 Мұзды оңай дайындағыш (1-түрі)**

Бұл жерде мұз қолмен дайындалып, сақталады.

**2 Мұздатқыш қорабы**

Мұнда мұздатылған азық-түліктің шағын бумаларын сақтауға болады.

- Бұл себетерде ұзақ уақыт бойы сақталатын балмұздақ немесе тамақты сақтамаңыз.

**3 Мұз дайындағыш (2-түрі)**

Бұл жерде мұз қолмен дайындалып, сақталады.

**4 Балғын тағамдар бөлімі (қосымша)**

Бұл бөлім балғын тағамдарды ұзақ уақыт сақтап, иісін сақталатын басқа тағамдардың иісімен араластырмауға мүмкіндік береді.

- Тағамдарды балғын тағамдар бөлімінде сақтап, қақпағын мықтап жабыңыз.

**5 Мұздатқыш науа**

Бұл – ет, балық және балмұздақ сияқты қатырылған тағамдарды сақтайтын орын.

- Жылжымалы жәшіктер оңай алуға және қолайлы пайдалануға мүмкіндік береді.

**6 Тоңазытқыш тартпасы**

Бұл қатырылған заттарды ұзақ уақытқа сақтау бөлігі.

## Пайдалануға қатысты ескертпелер

- Пайдалану бойынша ескертпелер: мұзды су диспенсерінің бағын ауыз судан басқа сусындар үшін пайдаланбаңыз.
- Есік толық жабылмаса, жаз кезінде ылғалдылық жоғары болса немесе мұздатқыш есігі жиі ашылатын болса, мұздың түзілуі мүмкін екендігін есте сақтауыңыз керек.
- Есіктің толық жабылуы үшін сәреде сақталған тағам немесе есік арасында жеткілікті бос орын қалу керек.
- Есікті ашу құрылғы ішіне жылы ауаның кіруіне мүмкіндік беріп, ішкі температураның көтерілуін туғызуы мүмкін.
- Құрылғы есігін қатты күшпен ашпаңыз немесе жаппаңыз.
- ЖШД шамы тек тұрмыстық жағдайда қолдануға арналған және тұрмыста бөлмені жарықтандыруға қолайлы емес.
- Егер құрылғыны ұзақ уақыт бойына өшірулі күйде қалдырсаңыз, оның ішіндегі барлық азы-түліктерді шығарып, қуат сымын розеткадан ажыратыңыз. Құрылғы ішінде зең басуды болдырмас үшін, оның ішін тазалап, есіктерін кішкене ашық күйде қалдырыңыз.

## Қуат үнемдеуге қатысты ұсыныс

- Сақталған тағамдар арасында жеткілікті бос орын болуын қамтамасыз етіңіз. Бұл ауаның тегіс айналуына мүмкіндік береді және электр энергиясын тұтыну шоттарын азайтады.
- Буланудың немесе қатып қалудың алдын алу үшін ыстық тағамды салқындатып барып салыңыз.
- Мұздатқыш ішінде тағамды сақтаған кезде, тоңазытқыш температурасын құрылғыда көрсетілген температурадан төмен етіп орнатыңыз.
- Құрылғы температурасын тиісті деңгейден төмен орнатпаңыз. Қалыпты климаттық жағдайда мұз жасау үшін, мұздатқыш температурасы  $-18^{\circ}\text{C}$  немесе одан төмен деңгейге орнатылуы тиіс.
- Тағамды тоңазытқыштың температура датчигінің жанына қоймаңыз. Датчиктен кемінде 3 см қашықтық қалдырыңыз.
- Құрылғының техникалық сипаттамаларында рұқсат етілген ауқымда мұзы ерітілген соң, температураны көтеру қажеттігін ескеріңіз. Температураның көтерілуіне байланысты тағамды сақтауға ықпалды азайтуды қаласаңыз, сақталған тағамды бірнеше қабатқа нығыздап салыңыз немесе ораңыз.
- Құрылғының автоматты мұздату жүйесі қалыпты жұмыс істеу режимінде оның сәрелеріне мұздың жиналмауын қамтамасыз етеді.

## Тағамдарды тиімді түрде сақтау

- Мұздатылған тағамды немесе қатырылған тағамды жабық контейнерлерде сақтаңыз.
- Тағамды құрылғыда сақтамас бұрын мерзімі аяқталу күні мен жапсырмасын (сақтау нұсқаулары) қараңыз.
- Ол төмен температурада оңай бұзылатын болса, тағамды ұзақ мерзімге (4 аптадан ұзақ) сақтамаңыз.
- Мұздатылған тағамды немесе қатырылған тағамды сатып алған соң дереу тоңазытқыштың немесе мұздатқыштың ішіне салыңыз.
- Толығымен еріп кеткен тағамды мұздатпаңыз. Толығымен еріген тағамды қайтадан мұздату оның дәмін және құнарлылығын төмендетеді.
- Көкөністерді газетпен орамаңыз және олай сақтамаңыз. Газетте басылған материал не басқа заттар тағамдарға жағылып қалуы мүмкін.
- Құрылғыны шамадан тыс толтырмаңыз. Бос орынның 70 %-нан аз етіп толтырыңыз. Құрылғы шамадан тыс толтырылған болса, салқын ауа дұрыс айналмауы мүмкін.
- Сақтамас бұрын ыстық тағамды суытып алыңыз. Ішіне тым көп ыстық тағам қойылған болса, құрылғының ішкі температурасының артуы және құрылғыда сақталған басқа тағамдарға кері әсер етуі мүмкін.
- Тағам үшін тым төмен температураны орнататын болсаңыз, ол қатып қалуы мүмкін. Бастапқы температурадан төмен температураны орнатпаңыз.
- Құрылғыны әрқашан таза етіп ұстаңыз.
- Егер құрылғыда мұздатқыш сөрелер болса, көкөністер мен жеміс-жидектерді су күйінше сол сөрелерге салмаңыз, себебі олар төмен температурада үсіп кетуі мүмкін.
- Электр қуаты үзілген жағдайда, электр компаниясына қоңырау шалып, қуаттың қанша уақыт болмайтындығын сұраңыз.
  - Қуат сөнген кезде, тоңазытқыш есіктерін ашпағаныңыз жөн.
  - Қуат қалыпты деңгейде берілген кезде, ішіндегі азық-түліктердің бұзылмағандығын тексеріңіз.

## Ең жоғарғы мұздату көлемі

- Экспресс мұздату функциясы мұздатқыштың максималды қуатымен суытуға мүмкіндік береді. Бұл әдетте 24 сағатқа дейінгі уақытта алады, алайда, ол көрсетілген уақыттан кейін автоматты түрде өшіріледі және сондай-ақ оны қолмен де өшіруге болады.
- Ауа айналымының жақсырақ нәтижесін алу үшін, жәшіктер, тартпалар және сөрелер сияқты барлық ішкі бөліктерін салыңыз.

## Максималды сақтау


- Ауа айналымы жақсы болуы үшін, барлық тартпаларды салыңыз.
- Көп мөлшердегі азық сақталуы керек болса, ең төменгісінен басқа барлық мұздатқыш тартпалары құрылғыдан алынуы керек және азық тікелей мұздатқыш бөліміндегі мұздатқыш сөрелеріне қойылуы тиіс.

## ЕСКЕРТПЕ

- Тартпаларды шығару үшін, алдымен тартпалардағы тағамды шығару керек. Содан кейін тартпалардың тұтқаларын пайдаланып, тартпаларды абайлап шығарыңыз. Жарақат алу қаупі бар.
- Әрбір тартпаның пішіні әртүрлі болуы мүмкін, әрқайсысын өз орнына қойыңыз.

# Басқару панелі

## Құралдар мен функциялары



- 1 Fridge Temperature (Тоңазытқыш температурасы)**

  - Бұл тоңазытқыштың бастапқы температурасын орнатады.
- 2 Freezer Temperature (Мұздатқыш температурасы)**

  - Бұл мұздатқыштың бастапқы температурасын орнатады.
- 3 Hygiene Fresh (Гигиеналық тазалық)**

  - Бұл Гигиеналық балғындық функциясын орнатады.
- 4 Express Freeze (Жылдам мұздату)**

  - Бұл Жылдам мұздату функцияларын орнатады.
- 5 \* Wi-Fi**

  - Бұл құрылғыңызды үйдегі Wi-Fi желісіне қосады.
- 6 \* Lock (\* Құлыптау)**

  - Басқару панеліндегі түймелерді құлыптайды.

- Әр үлгіде өзінің нақты басқару панелі бар.

## Басқару панелін пайдалануға арналған ескертпелер

- Келесі жағдайлардың кез келгенінде басқару панелі іске қосылады.
  - Қуат іске қосылғанда
  - Түймені түрткенде
  - Жабдықтың есігі (тоңазытқыш, мұздатқыш, қосалқы есік) ашылғанда
- Келесі жағдайлардың кез келгенінде басқару панелі энергияны үнемдеу үшін автоматты түрде өшеді.
  - Қуатты қосқан соң бір минут өткеннен кейін
  - Қажетті түйме басылған соң, 20 секунд ешқандай түйме басылмаса
  - Жабдықтың есігі (тоңазытқыш, мұздатқыш, қосалқы есік) ашылғанына немесе жабылғанына 20 секунд өткен соң
- Тазалау кезінде басқару панеліне саусақ немесе дене тиіп кетсе, түйме функциясы жұмыс істеуі мүмкін.

## Температураны орнату

Бұл тоңазытқыштың немесе мұздатқыштың температурасын орнатады.

- Температураны реттеу үшін **Fridge** түймесін немесе **Freezer** түймесін басыңыз.
- Бастапқы температура орнатылған.
  - Тоңазытқыш : 3 °C
  - Мұздатқыш: -18 °C
- Температураны өзгертуге болады.
  - Тоңазытқыш : 0 °C және 6 °C аралығы
  - Мұздатқыш: -24 °C және -16 °C аралығында
- Нақты бастапқы температура тағам күйіне байланысты өзгеріп отырады, көрсетілген температура мақсатты температура болып табылады, ол құрал ішіндегі нақты температура емес.

## ЕСКЕРТПЕ

- Әдепкі температура параметрі құрылғыға байланысты өзгеруі мүмкін.
- Құрылғының ішіне тағам қоймас бұрын, құрылғыны розеткаға жалғағаннан кейін екі немесе үш сағат күтіңіз.

## Гигиеналық тазалық режимін орнату

Гигиеналық балғындық функциясымен бактерияларды және құрылғының ішкі жағындағы иісті азайтуға болады. Дегенмен, функция тағамға сіңген бактерия емес, құрылғы ішінде жүрген бактериялар үшін тиімді.

- **Hygiene Fresh** түймесін басқанда, гигиеналық тазалық функциясы режимі **Auto (Авто)** → **Power (ҚУАТ)** → **Off (ӨШІРУ)** → **Auto (Авто)** режимдері алма-кезек өзгереді.

## Жылдам мұздатуды орнату

Функция мұздың көп мөлшерін немесе қатқан тағамдарды жылдам мұздатуы мүмкін.

**Express Freeze** түймесін басқанда, басқару тақтасында **Express Freeze** белгішесі жанады. Функция түймені әрбір басқан сайын қосылады және өшіріледі.

Жылдам мұздату функциясы белгілі бір мерзім өткен соң автоматты түрде тоқтайды.

## Құлыптауды орнату және ысыру


Басқару панеліндегі түймелерді құлыптайды.

- **Lock** түймесін үш секунд бойы басып тұрыңыз. Құлыптау функциясы орнатылғанда, барлық түймелер құлыпталады.
- **Lock** түймесін 3 секунд басып тұрсаңыз, басқару панеліндегі **Lock/Unlock** белгішесі жанады. Аталмыш функция түймені басқан сайын қосылады және өшеді.
- Құлып орнатылып тұрғанда, құлыптан басқа түймені басатын болсаңыз, түйме жұмыс істемейді.
- Құлып орнатылып тұрғанда, құлыптан басқа түймені басатын болсаңыз, басқару панеліндегі **Lock/Unlock** белгішесі 3 рет жыпылықтайды.
- Параметрді өзгерту үшін, функцияны өшіру мақсатында **Lock** түймесін үш секунд басып тұрыңыз.

## Қосымша орын (Қосымша)

Ірімшік, шұжық, т.б. сияқты кішкентай тағамдарды сақтаңыз.

Тұтқаларынан тартып ашыңыз және итеріп жабыңыз.




## ⚠ ЕСКЕРТУ

- Тазалағаннан кейін қосымша орын беру қабатын алу және қайта орнату кезінде жоғарыдағы суреттерді қараңыз.
- Тофу, күнжіт жапырақтары, т.б. сияқты ылғалды және оңай мұздатылатын тағамдардың барлығын сөрелердің алдыңғы жағына салыңыз.

## Шағын себет

Бұл тоңазытқыш бөліміне көп нәрселер салу және одан шығару үшін пайдалануға арналған.

- Қажет болған кезде шағын себетті алып тастауға болады. Ол жерде қажетті дәмдеуіштерді, сусындарды, тікебасарларды, т.б. нәрселерді бірге сақтауға болады.




### ЕСКЕРТПЕ

- Бұл себетті тек тоңазытқышта сақталған нәрселер үшін пайдалану қажет. Жылу шығаратын заттардың жанына қоймаңыз.


## Ашылмалы көкөніс себеті

Бұл жақын арада жейтін көкөністерді сақтауға тамаша сәйкес келеді.

- 1 Ашу үшін ысырманы басып, себетті ақырындап артқа қарай тартыңыз.



- 2 Жабу үшін себетті “сырт” еткен дыбыс шыққанша итеріңіз.



- Жәшіктің зақымдалмауы үшін оған тым көп нәрселер салмаңыз немесе ашу не жабу кезінде қатты күш салмаңыз.

### ⚠ ЕСКЕРТУ


- Себет ашық немесе жабық тұрғанда оған балалардың асылуына жол бермеңіз.

## Есік бөлгіші

Есіктің бөлгіші жабдықтан салқын ауаны шығармай ұстап тұрады.

### ЕСКЕРТУ

- Есік бір минуттан ұзақ уақыт ашық тұрса, әр 30 секунд сайын есік дабылының дыбысы шығады. Сол жақ есікті жаппай тұрып, жиналмалы бөлгіштің жиналғанына көз жеткізіңіз.




- Есікке сызат түсу және ортадағы есік бөлгішінің бұзылу қаупін азайту үшін, жабдық есігінің бөлгішінің жиналғанына көз жеткізіңіз.

## Қосымша есік (қосымша)


Есіктің төменгі жағындағы иінтректі есік ішіндегі есік ашылғанша жоғары тартыңыз.

Қосымша есіктің ішіндегі және оның айналасындағы себеттердегі орын жеткілікті, сондықтан тағамдарыңызды реттеп қоюға болады.



### Жәшікті қосымша есіктен алып тастау

Қосымша есіктің ішіндегі жәшікті екі қолыңызбен ұстап, жоғары көтеру арқылы шығарып алыңыз.



### Қосымша есіктегі жәшікті қайта орнату


Оларды алу процесінің кері тәртібімен салыңыз.

## Жылжымалы себет (қосымша)


Жылжымалы себетті қажетінше жоғары және төмен қозғалта аласыз.

- Жылжымалы себетті жоғары не төмен қозғамас бұрын, барлық заттарды алып тастаңыз.
- Жылжымалы себетті реттеу биік азық-түлік өнімдерін әлдеқайда қолайлы сақтауға мүмкіндік береді.

- 1 Жылжымалы себетті көтеру үшін, себетті ортада ұстап тұрып, оны орнына түскенше жоғары қарай итеріңіз.



- 2 Жылжымалы себетті түсіру үшін, себеттің бүйіріндегі тетіктерді жоғары көтеру арқылы босатып, себетті орнына түскенше түсіріңіз.




### ⚠ ЕСКЕРТУ

- Дене жарақатын немесе себеттің не оның құрамдастарының зақымдалуын болдырмау үшін, жылжымалы себет контейнерін жоғары немесе төмен жылжитпай тұрып босатыңыз.

## Шағын үстел (қосымша)

Шағын үстел есіктің ішіндегі есікті ашып, кішкентай тағамдарды қоюға және алуға болатын ыңғайлы орынды қамтамасыз етеді.



### ⚠ ЕСКЕРТУ

- Шағын үстелге тым көп күш немесе салмақ түсірмеңіз. Ол жабдыққа зақым келтіруі және жарақатқа себеп болуы мүмкін.
- Шағын үстелдің үстіне ауыр заттар қоймаңыз. Ол жабдыққа зақым келтіруі және жарақатқа себеп болуы мүмкін.
- Балалардың шағын үстелге асылуына жол бермеңіз. Жарақат алуыңыз мүмкін.
- Шағын үстелдің асты мен жабдықтың арасына саусағыңызды салмаңыз. Жарақат алуыңыз мүмкін.


# Мұз генераторы

Бұл жерде мұз қолмен дайындалып, сақталады.


## Мұзды оңай дайындағыш (1-түрі)

### Су багының көмегімен мұз науасын суға толтыру


- 1 Оңай мұз дайындағыштың үстінен су багын алып тастаңыз.




- 2 Су багының қақпағын ашып, оны су деңгейінің сызығына дейін суға толтырыңыз.



- 3 Қақпағын қайта орнатыңыз және толтырылған су багын оңай мұз дайындағышқа салыңыз.




- Бос мұз себетін шығарыңыз, оны су деңгейінің сызығына дейін толтырыңыз және суды шашыратып алмай, қайта орнына итеріңіз.



### ЕСКЕРТПЕ

- Оның артқа толығымен кіргеніне көз жеткізіп, мұздатқыштың есігін ақырындап жабыңыз.




### ⚠ ЕСКЕРТУ


- Су багінде біраз мұздың қалуы қалыпты жағдай болып табылады. Суға толтырған кезде мұздардың барлығын шығарыңыз.
- Мұз сақтау себетіне науадағы мұзды салмай тұрып, бос орынның жеткілікті болғанына көз жеткізіңіз.
- Ішетін сумен ғана толтырыңыз.

## Мұзды шығарып алу

- 1 Оңай мұз дайындағыштың тетігін сағат тілі бағытымен бұраңыз.



- 2 Мұз сақтайтын тартпаны сәл көтеріңіз де, шығарып алыңыз.




### ЕСКЕРТУ


- Егер мұз сақтау науасына жартылай қатқан мұз түсіп қалса, барлық мұз текшелері бірігіп қалады. (Мұздың дайындалуына - 20 °C температурасында 4 сағат қажет болады.)
- Мұздатқыштың есігі жиі ашылатын болса, мұздатқыш бөліміне жылы ауа кіреді. Мұздың қатуына көбірек уақыт қажет болуы мүмкін.
- Мұз дайындағышы құрылғы бастапқы орнатылған соң 48 сағаттай уақыт өткен соң мұзды қалыпты түрде өндіреді.
- Мұз кесектері мен үшкір мұздардан абай болыңыз.
- Мұз сақтау себетінің ішінде мұз бар болғанда оны көтеріп, алып тастаңыз.
- Мұз сақтау себетінің максималды сыйымдылығы - мұзға толы 3 науа.
- Толық мұздатылмаған мұзды сақтамаңыз.
- Сынып кетуі мүмкін болғандықтан мұз жасағышты күшпен тартпаңыз.
- Мұз сақтау себетінде мұзды қатырмаңыз. Ол себетті сындырып, жабдықтың зақымдалуына немесе жарақат алуға себеп болуы мүмкін.

## Мұз дайындағыш (2-түрі)

- 1 Мұз жасау үшін мұз науасына су құйып, орнына салыңыз.



- 2 Мұзды шығару үшін, мұз науасының тетігін сағат тілі бағытымен бұраңыз.




### ЕСКЕРТПЕ

- Мұз дайындағышты немесе мұзды сақтау себетін пайдаланбайтын болсаңыз, мұздатқыштың ішінде орын босату үшін оларды алып тастаңыз.

## Балғын тағамдар бөлімі (қосымша)

Бұл бөлім балғын тағамдарды ұзақ уақыт сақтап, иісін сақталатын басқа тағамдардың иісімен араластырмауға мүмкіндік береді.

- Тағамдарды балғын тағамдар бөлімінде сақтап, қақпағын мықтап жабыңыз.



## Басқа функциялар

### Есік ашық дабылы

Егер есік (тоңазытқыш, мұздатқыш, қосымша есік) бір минут бойы ашық қалса немесе дұрыс жабыламаса, арасы 30 секундтан 3 рет дыбыстық сигнал беріледі.

- дыбыс сигналы есікті жапқаннан кейін де естілсе, LG Electronics тұтынушыларына арналған ақпараттық орталыққа хабарласыңыз.

### Ақаулықты анықтау

Құрылғы пайдалану кезінде ақаулықтарды автоматты түрде анықтай алады.

- Ақаулық туындаса, құрылғы жұмыс істемейді және түйме басылғаннан кейін де қате коды көрсетіледі.
- Осындай жағдай туындайтын болса, тоқтан ажыратпай, дереу LG Electronics тұтынушыларды қолдау орталығымен байланысыңыз. Тоқтан ажырататын болсаңыз, LG Electronics тұтынушыларды қолдау орталығының маманына ақаулықты табу қиынға соғуы мүмкін.

## LG SmartThinQ қолданбасын пайдалану

-  Немесе  логотипі бар құрылғыларға арналған


LG SmartThinQ құрылғысы смартфон арқылы құрылғымен байланысуға мүмкіндік береді.

## LG SmartThinQ құрылғысын пайдалануға дейін


1 Құрылғы мен сымсыз бағдарлауыш арасындағы қашықтықты (Wi-Fi желісін) тексеріңіз.

- Жабдық пен сымсыз роутер арасы тым алыс болса, сигнал беру деңгейі әлсірейді. Тіркеуге көп уақыт кетуі мүмкін немесе жабдық орнатылмауы мүмкін.

2 Смартфоныңыздағы **Мобильді интернет** немесе **Сотовые данные** функциясын өшіріңіз.



3 Смартфоныңызды сымсыз роутерге қосыңыз.



### ЕСКЕРТПЕ

- Wi-Fi байланысын тексеру үшін, басқару панеліндегі **Wi-Fi**  белгішесі жанып тұрғанын тексеріңіз.
- Құрылғы 2,4 Гц Wi-Fi желілерімен ғана жұмыс істейді. Желінің жиілігін анықтау үшін интернет қызметінің провайдеріне хабарласыңыз немесе сымсыз бағдарлауыштың нұсқаулығын қараңыз.
- LG SmartThinQ қолданбасы желілік байланысқа немесе желілік байланысқа қатысты қандай да бір ақаулыққа, олқылықтарға немесе қателіктерге жауапты емес.

- Егер құрылғыны Wi-Fi желілеріне қосуда қандай да бір қиындықтар туындаса, ол көп жағдайда роутерге байланысты емес. Wi-Fi сигналының қуатын жақсарту үшін, Wi-Fi репитерін (диапазон кеңейткіші) сатып алыңыз.
- Үйдегі желі ортасына байланысты Wi-Fi байланысы қосылмауы мүмкін немесе ажырап кетуі мүмкін.
- Желілік байланыс интернет қызметінің провайдеріне байланысты да дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- Айналадағы сымсыз орта сымсыз желі қызметін баяулатуы мүмкін.
- Сымсыз сигналды тарату жүйесіндегі ақаулыққа байланысты, жабдықты тіркеу мүмкін емес. Жабдықты электр жүйесінен ажыратып, өрекетті қайталамас бұрын бір минуттай күтіңіз.
- Сымсыз роутердегі брендмауэр қосулы болса, оны өшіріңіз немесе оны ерекше жағдай ретінде қосыңыз.
- Сымсыз желінің атауы (SSID) ағылшын әріптері мен сандардан тұруы қажет. (Ерекше таңбаларды қолданбаңыз)
- Смартфонның пайдаланушы интерфейсі (UI) телефонның операциялық жүйесіне (OS) және өндірушіге байланысты әртүрлі болуы мүмкін.
- Егер роутердің қауіпсіздік протоколы **WEP** күйіне орнатылған болса, желіні орната алмауыңыз мүмкін. Оны басқа қауіпсіздік протоколдарына өзгертіңіз (**WPA2** ұсынылады) және өнімді қайтадан тіркеңіз.

## LG SmartThinQ қолданбасын орнату

Google Play & Apple App дүкенінен немесе смартфоннан LG SmartThinQ қолданбасын іздеңіз. Жүктеу үшін нұсқауларды орындап, қолданбаны орнатыңыз.

## LG SmartThinQ қолданбасының функциялары

Ыңғайлы смарт функцияларды пайдаланып, смартфонның арқылы құрылғыңызды басқарыңыз.

### Микробағдарламаларды жаңарту

Жабдықтың өнімділігін жаңартып тұрыңыз.

### Smart Diagnosis™

Егер сіз Smart Diagnosis функциясын пайдалансаңыз, құрылғыны пайдалану үлгісі бойынша дұрыс қолдану жолы сияқты пайдалы ақпарат беріледі.

### Параметрлер

Тоңазытқышта және қолданбада әртүрлі опцияларды орнатуға мүмкіндік береді.

### ЕСКЕРТПЕ

- Егер сымсыз роутеріңізді, интернет провайдеріңізді немесе құпия сөзді ауыстыратын болсаңыз, LG SmartThinQ қолданбасынан тіркелген құрылғыны жойып, оны жаңадан тіркеңіз.
- Құрылғыны жетілдіру мақсатында қолданба пайдаланушыларға ескертілместен өзгертілуі мүмкін.
- Ерекшеліктері үлгісіне қарай әр түрлі болуы мүмкін.

### Wi-Fi желісіне қосылу

Wi-Fi түймесін LG SmartThinQ қолданбасымен пайдаланғанда, ол тоңазытқышты үйдегі Wi-Fi желісіне қосуға мүмкіндік береді. Wi-Fi белгішесі тоңазытқыштың желілік байланыс күйін көрсетеді. Тоңазытқыш Wi-Fi желісіне қосылған кезде белгіше жанады.

### Құралды алғаш рет тіркеу

Құралды тіркеу үшін, LG SmartThinQ бағдарламасын іске қосып, ішіндегі нұсқауларды орындаңыз.

### Құралды қайта тіркеу немесе басқа пайдаланушыны тіркеу

Уақытша өшіру үшін, Wi-Fi түймесін 3 секунд басып тұрыңыз. Құралды тіркеу үшін, LG SmartThinQ бағдарламасын іске қосып, не надо писать нұсқауларды орындаңыз.

### ЕСКЕРТПЕ

- Wi-Fi функциясын өшіру үшін Wi-Fi түймесін 3 секунд басып тұрыңыз. Wi-Fi белгішесі өшеді.

### Сымсыз LAN модулінің сипаттамалары

Моделі	LCW-004
Жиілік диапазоны	2412 - 2472 МГц
Шығыс қуаты (макс.)	IEEE 802.11b:17.82 dBm IEEE 802.11g:17.72 dBm IEEE 802.11n:16.61 dBm

Сымсыз функцияның Б/ж нұсқасы: V 1.0

Пайдаланушының назарына, бұл құрылғы құрылғы мен дене арасындағы минималды 20 см қашықтықта орнатылып, пайдаланылуы керек.

### Бастапқы коды ашық бағдарламалық құрал ескертуі туралы ақпарат

Осы өнімдегі GPL, LGPL, MPL және басқа да бастапқы коды ашық лицензиялардағы бастапқы кодты алу үшін <http://opensource.lge.com> веб-торабына өтіңіз.

Бастапқы кодқа қоса, барлық қажетті лицензиялардың шарттарын, келілдік міндеттерінен бас тарту құжаттарын және авторлық құқық туралы мәліметтерін алуға болады.

LG Electronics компаниясы сізге CD-ROM дискісінде ашық бастапқы кодты ақылы түрде береді. Қызмет ақысына [opensource@lge.com](mailto:opensource@lge.com) мекенжайына электрондық хатпен сұрау жіберілгеннен кейін мұндай үлестіруді орындау құны (мысалы, тасығыш, жеткізу және өңдеу құны) жатады. Бұл ұсыныс осы өнімді соңғы рет жібергеннен кейін үш жыл ішінде жарамды болады. Ұсыныс осы ақпаратты алған әр тұлға үшін жарамды болып келеді.

# Smart Diagnosis™ функциясын пайдалану

-  Немесе  логотипі бар құрылғыларға арналған


## Тұтынушыларды қолдау орталығы беретін Smart Diagnosis™

Осы функцияны жабдықта ақаулық туындағанда немесе дұрыс жұмыс істемегенде LG Electronics тұтынушыларына арналған ақпарат орталығы арқылы дәл диагностика қажет болғанда пайдаланыңыз. Осы функцияны қалыпты жұмыс істеген кезде емес, тек қызмет көрсету өкіліне хабарласу үшін пайдаланыңыз.

- 1 **Lock** түймесін басып, құлыптау функциясын белсендіріңіз.
  - Дисплей 5 минуттан ұзақ құлыптаулы тұрса, құлыпты алдымен өшіріп, содан кейін қайта белсендіруіңіз қажет.



- 2 Тоңазытқыш есігін ашыңыз да, телефонды жоғарғы оң жақ динамик саңылауына ұстап тұрыңыз.
  - Телефонды микрофон динамик тесігімен тураланатын етіп қойыңыз.



- 3 Телефонды динамикке жақындатып ұстап тұрған күйі **Freezer** түймесін үш секунд бойы немесе одан да көп уақыт басып тұрыңыз.
- 4 Деректерді тасымалдау аяқталған соң, қызмет көрсету агенті Smart Diagnosis™ функциясының нәтижесін түсіндіреді.

## ЕСКЕРТПЕ

- Телефонды микрофон динамик тесігімен тураланатын етіп қойыңыз.
- Smart Diagnosis™ дыбысы шамамен 3 секундтан соң шығарылады.
- Телефонды оң жақ динамик тесігін жоғары қаратып салып, деректері берілгенін күтіңіз.
- Деректер тасымалданғанда телефонды динамик тесігінен алмаңыз.
- Smart Diagnosis™ деректері тасымалданған кезде деректерді тасымалдау дыбысы құлаққа жағымсыз естілуі мүмкін, бірақ деректерді тасымалдау дыбысы тоқтағанша, мұқият диагностикалануы үшін, үндеткіш тесігінен телефонды шығарып алмаңыз.
- Деректерді тасымалдау аяқталғанда, тасымалданудың аяқталғаны туралы хабар көрсетіліп, басқару панелі автоматты түрде өшеді, содан соң бірнеше секундтан кейін қайта қосылады. Содан кейін тұтынушыға ақпарат беру орталығында диагностиканың нәтижесі көрсетіледі.
- Smart Diagnosis™ функциясы жергілікті қоңырау сапасына байланысты.
- Егер стационарлық үй телефоны пайдаланылса, байланыс өнімділігі жақсартылып, үздік сигналды тасымалдауға болады.
- Smart Diagnosis™ деректер тасымалы нашар қоңырау сапасына байланысты нашар болса, үздік Smart Diagnosis™ қызметіне ие болмауыңыз мүмкін.


## Тазалау бойынша ескертпелер

- Құрылғының ішінен сөрені немесе тартпаны алған кезде, жарақаттанудың немесе құрылғыны зақымдаудың алдын алу үшін, сөреден немесе тартпадан барлық сақталған тағамдарды алыңыз.
  - Өйтпесе, сақталған тағамдардың салмағына байланысты жарақат алуыңыз мүмкін.
- Құрылғының сыртқы ауа желдеткіштерін шаңсорғышпен тазаласаңыз, электрондық бөліктеріне зақым келтіретін немесе электр тоғы соғу қаупін туғызатын статикалық зарядтың алдын алу үшін қуат сымын тоқтан ажырату керек.
- Сөрелері мен тартпаларын шығарып алып, оларды сумен тазалаңыз да, қайта салмас бұрын мұқият кептіріп алыңыз.
- Есік тығыздауыштарын жиі ылғал жұмсақ сүлгімен сүртіп тұрыңыз.
- Есік жәшіктеріндегі төгілген заттар мен іздерді тазалап тұру керек, себебі олар жәшіктің сақтау мүмкіндігін нашарлатады және тіптен зақымдауы да мүмкін.
- Тазалап болған соң, қуат сымы зақымдалмағанын, қызып кетпегенін немесе дұрыс жалғанғанын тексеріңіз.
- Құрылғының сыртқы жағындағы ауа желдеткіштерін салқын күйде ұстаңыз.
  - Ауа желдеткіштерінің бітелуі өрт туғызуы немесе құрылғыны зақымдауы мүмкін.
- Боялған сыртқы металл беттерін балауыздау тот басудан қорғайды. Пластик бөліктерін балауыздамаңыз. Боялған металл беттеріне кемінде жылына екі рет жабдық балауызын (немесе балауыз пастасы) жағыңыз. Балауызды таза, жұмсақ шүберекпен жағыңыз.
- Жабдықтың ішін не сыртын қатты қылшақпен, тіс қылшағымен немесе тұтанғыш материалдармен тазаламаңыз. Құрамында тұтанғыш заттар бар тазалау құралдарын пайдалануға болмайды.
  - Бұл жабдықтың түссізденуіне әкелуі мүмкін немесе оны зақымдауы мүмкін.
  - Тұтанғыш заттар: спирт (этанол, метанол, изопропил спирті, изобутил спирті, және т.б.), сұйылтқыш, ағартқыш, бензол, тұтанғыш сұйықтық, қажағыш материал және т.б.
- Жабдықтың сырт жағы үшін таза губка немесе жұмсақ шүберек пен жылы судағы жұмсақ химиялық тазартқыш құралды пайдаланыңыз. Жыратын немесе өткір тазартқыштарды пайдаланбаңыз. Жұмсақ шүберекпен мұқият құрғатып сүртіңіз.
- Сөрелерді немесе контейнерлерді ешқашан ыдыс жуғыш машинада жумаңыз.
  - Қызып кетуге байланысты бөліктерінің пішімі бүлінуі мүмкін.
- Құрылғы ЖШД шамымен жабдықталған болса, шам қақпағын жылжытпаңыз және ЖШД шамын кез келген жағдайда жөндеуге немесе оны тексеруге әрекет жасамаңыз. LG Electronics тұтынушыларды қолдау орталығымен байланысыңыз.

## Сөрөні тазалау


### Тоңазытқыш сөресін алу

- 1 Сөрөнiң алдыңғы жағын жоғары қарай еңкейтiп, сөрөнi тiк көтерiңiз.
- 2 Сөрөнi тартып шығарыңыз.



### Тоңазытқыш сөресiн қайта орнату


- 1 Сөрөнiң алдыңғы жағын жоғары қарай еңкейтiп, сөрөнiң iлмектерiн қажеттi биiктiктегi саңылауларға бағыттаңыз.
- 2 Сөрөнiң алдыңғы жағын iлмектер саңылауға iлiнетiндей етiп түсiрiңiз.




## Көкөнiстер жәшiгiн тазалау

### Көкөнiстер жәшiгiн алу (1-түрi)


- 1 Тоңазытқыштың есiгiн ашып, тоңазытқыш бөлiмiндегi барлық сөрелердi шығарыңыз.



- 2 Көкөнiстер жәшiгiн екi қолыңызбен көтерiп, өзiңiзге қарай тарту арқылы артында орын босатыңыз.



- 3 Көкөнiс жәшiгiнiң артқы жағынан ұстап, көтерiңiз және оны еңкейтiлген күйде шығарыңыз.




### Көкөнiстер жәшiгiн қайта орнату


Оларды алу процесiнiң керi тәртiбiмен салыңыз.

## Көкөністер тартпасын алу (2-түрі)


- 1 Есіктерді ашып, ішкі есіктегі және себеттердегі барлық заттарды алыңыз. Есіктің корпусындағы есікті жабдықтан алып тастаңыз.




- 2 Тартпаның ішіндегі нәрселерді алыңыз. Көкөністер тартпасының тұтқасын ұстап тұрып, оны тоқтағанша толығымен сыртқа қарай ақырындап тартыңыз.



- 3 Көкөніс тартпасын жоғары көтеріп, оны тартып шығарып алыңыз.



- 4 Қақпақты сәл еңкейтіп, шығарып жатқан кезде екі қолыңызбен ұстаңыз.




## Көкөністер тартпасын қайта салу

Көкөніс тартпасының түбін оның бастапқы күйіне қойып, оны төмендетіп итеріп кіргізіңіз.


## Тоңазытқыш/мұздатқыш себетін тазалау

### Тоңазытқыш/мұздатқыш себетін алу және қайта орнату

Себетті алу үшін оны екі қолыңызбен ұстап тұрып, алдыңғы бөлігін сәл көтеріңіз және тартып алыңыз.




Себетті қайта орнату үшін себеттің екі жағын бағыттауыштармен туралап, бекітілгенше төмен қарай басыңыз.



## Есік ішіндегі есікті тазалау (қосымша)

### Жәшікті қосымша есіктен алып тастау

- 1 Есік ішіндегі есіктің корпусын жоғары көтеріп, екі қолыңызбен шығарыңыз.




- 2 Сүт өнімдеріне арналған себеттің астыңғы жағын көтеріп, корпустан толық алыңыз.



- 3 Жылжымалы себетті жоғарғы күйіне жылжытыңыз.



- 4 Бүйірлік жолдардың әрбіріндегі бұрандаларды алғаннан кейін жылжымалы себетті көтеріп, корпустан алып тастаңыз.



### Есік ішіндегі есіктің корпусын қайта орнату

Оларды алу процесінің кері тәртібімен салыңыз.

### Есік ішіндегі есіктің тоңазытқыш себетін алу (қосымша)

Себетті екі жақ шетінен ұстап, себеттің алдыңғы жағын жоғары көтеріңіз.



### Есік ішіндегі есіктің тоңазытқыш себетін қайта орнату (қосымша)


Оларды алу процесінің кері тәртібімен салыңыз.




## Шағын үстелді тазалау (қосымша)

### Шағын үстелді алу


- 1 Есік ішіндегі есікті ашыңыз.



- 2 Шағын үстел көлденең күйге (1) жиналғаннан кейін оның төменгі сол жағындағы резеңке қақпақты (2) кішкентай жалпақ бұрауышпен итеріп шығарып, ақырындап алыңыз.




- 3 Кішкентай жалпақ бұрауышты жылжымалы істіктің саңылауына салыңыз. Істікті оңға қарай сырғытып, шағын үстелді алыңыз.




## Шағын үстелді қайта орнату


- 1 Есік ішіндегі есікті ашыңыз. Шағын үстелдің бекітілген істігін есік ішіндегі есіктің жақтауындағы оң жақ істік саңылауына салыңыз.



- 2 Кішкентай жалпақ бұрауышты жылжымалы істіктің саңылауына салыңыз. Істікті оңға қарай итеріп, шағын үстелді орнатыңыз.



- 3 Шағын үстелдің саңылауына резеңке қақпақты салыңыз.




### ЕСКЕРТПЕ

- Оның мықтап орнатылғанына көз жеткізіп, істіктердің есік ішіндегі есіктің саңылауына толығымен кіргенін тексеріңіз.

## Мұздатқыш науасын/ тартпасын тазалау

### Мұздатқыш науасын/тартпасын алу

- 1 Мұздатқыштың есіктерін толығымен ашыңыз. Мұздатқыштың науаларын және тартпаларды толық тартып шығарыңыз және ішіндегі нәрселерді алып тастаңыз.



- 2 Науалар және тартпалар толығымен шығарылған күйде олардың алдыңғы жағын көтеріңіз және тартып шығарыңыз.



### **!** ЕСКЕРТУ

- Науалар мен тартпалар ауыр болып табылады. Өнімнің зақымдалуына немесе жарақат алға жол бермеу үшін науаларды және тартпаларды алып не орнатып жатқан кезде әрдайым екі қолыңызбен жұмыс істеңіз.
- Науалар мен тартпаларды алу немесе орнату алдында мұздатқыштың есігін әрдайым толықтай ашыңыз.


### Мұздатқыш науасын/тартпасын қайта орнату

Оларды алу процесінің кері тәртібімен салыңыз.


## Оңай мұз дайындағышты тазалау (қосымша)

### Оңай мұз дайындағышты алу

- 1 Оңай мұз дайындағыштың жоғарғы бөлігіндегі себеттің екі жақ шетінен ұстап, оны жоғары тартып шығарыңыз.



- 2 Оңай мұз дайындағыштың жоғарғы бөлігіндегі мұз сақтау себетін екі жақ шетінен ұстап, оны жоғары тартып шығарыңыз.



### **!** ЕСКЕРТУ

- Мұз дайындағышты зақымдап алмау үшін бөлшектеуді кері ретпен орындау қажет.

### Оңай мұз дайындағышты қайта орнату

Оларды алу процесінің кері тәртібімен салыңыз.

Белгілер	Себебі	Шешімі
Тоңазыту немесе мұздату әрекеті орындалмауда.	Тоқ өшіп қалды ма?	<ul style="list-style-type: none"> <li>Басқа құрылғылардың қуатын тексеріңіз.</li> </ul>
	Қуат ашасы розеткадан ажыратылған ба?	<ul style="list-style-type: none"> <li>Қуат ашасын розеткаға дұрыс тығыңыз.</li> </ul>
Тоңазыту немесе мұздату әрекеті нашар.	Тоңазытқыш немесе мұздатқыш температурасы ең жылы деңгейге орнатылған ба?	<ul style="list-style-type: none"> <li>Тоңазытқыш немесе мұздатқыш температурасын орташа деңгейге орнатыңыз.</li> </ul>
	Құрылғы пісіретін пеш немесе жылытқыш сияқты жылу шығаратын заттың жанында немесе тікелей күн көзінде тұрма?	<ul style="list-style-type: none"> <li>Орнату аймағын тексеріңіз және оны жылу бөлетін заттардан әрі қойыңыз.</li> </ul>
	Оны алдымен салқындатып алмай, ыстық тағамды салдыңыз ба?	<ul style="list-style-type: none"> <li>Тоңазытқышқа немесе мұздатқышқа салмас бұрын, алдымен ыстық тағамды салқындатып алыңыз.</li> </ul>
	Тым көп тағам салдыңыз ба?	<ul style="list-style-type: none"> <li>Тағам арасында сәйкес бос орынды қалдырыңыз.</li> </ul>
	Құрылғының есіктері толығымен жабылған ба?	<ul style="list-style-type: none"> <li>Есігін мықтап жауып, сақталған тағамның есікке кедергі келтіріп тұрмағанын тексеріңіз.</li> </ul>
	Құрылғының айналасындағы бос орын жеткілікті ме?	<ul style="list-style-type: none"> <li>Құрылғының айналасында жеткілікті орын қалдыру үшін орнату қалпын реттеңіз.</li> </ul>
Құрылғы жағымсыз иіс шығарады.	Тоңазытқыш немесе мұздатқыш температурасы «жылы» деңгейіне орнатылған ба?	<ul style="list-style-type: none"> <li>Тоңазытқыш немесе мұздатқыш температурасын орташа деңгейге орнатыңыз.</li> </ul>
	Иісі қатты шығатын тағамды салдыңыз ба?	<ul style="list-style-type: none"> <li>Қатты иіс шығаратын тағамдарды жабық контейнерлерде сақтаңыз.</li> </ul>
	Тартпадағы көкөністер немесе жеміс бүлінген бе?	<ul style="list-style-type: none"> <li>Ескіріп кеткен көкөністерді тастап, көкөністер тартпасын тазалап қойыңыз. Көкөністер тартпасында көкөністерді ұзақ уақыт бойы сақтамаңыз.</li> </ul>
Құрылғының ішіндегі шам қосылмайды.	Құрылғының ішіндегі шам өшірілген бе?	<ul style="list-style-type: none"> <li>Тұтынушы жабдықтың ішкі шамын ауыстыра алмайды, себебі олар қызмет көрсетілмейтін болып табылады. Егер ішкі шамы жанбайтын болса, LG Electronics тұтынушыға ақпарат беру орталығына хабарласыңыз.</li> </ul>

Белгілер	Себебі	Шешімі
<p><b>Құрылғы есігі мықтап жабылмаған.</b></p>	<p><b>Құрылғы алға еңкейіп тұр ма?</b></p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Алдыңғы жағын аздап көтеру үшін алдыңғы аяғын реттеңіз.</li> </ul>
	<p><b>Сөрелер дұрыс қойылған ба?</b></p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Қажет болса, сөрелерін қайта салыңыз.</li> </ul>
	<p><b>Есікті қатты күшпен жаптыңыз ба?</b></p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Есікті жапқан кезде тым көп күш немесе жылдамдық қолданатын болсаңыз, жаппас бұрын ол аз уақытқа ашық қалуы мүмкін. Жабылған есікті тарсылдатпаңыз. Күш қолданбай жабыңыз.</li> </ul>
<p><b>Құрылғы есігін ашу қиын.</b></p>	<p><b>Оны жапқан бойда қайтадан есікті аштыңыз ба?</b></p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Оны жапқан бойда 1 минут ішінде құрылғы есігін ашуға әрекет жасасаңыз, құрылғының ішкі жағындағы қысымға байланысты қиындықтар туындауы мүмкін. Құрылғы есігін ішкі қысым тұрақтандырылған соң, бірнеше минуттан кейін ашып көріңіз.</li> </ul>
<p><b>Есік бөлгіші жиналмайды және дұрыс жұмыс істемейді.</b></p>	<p><b>Алдыңғы тегістеуші аяқтар ұзартылған, тоңазытқыш бірқалыпты, ал есіктер тураланған ба?</b></p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Есік себеттері толып кетсе, есік бөлгішінің немесе автоматты түрде ашылатын есік функциясының дұрыс жұмыс істеуіне кедергі келтіріп, есіктің қисаюуы мүмкін. Алдыңғы тегістеуші аяқтарды еденмен тығыз жанасып тұратындай етіп ұзартыңыз. Есік бөлгіші қайтадан дұрыс жұмыс істегенге дейін тоңазытқыштың сол жақ есігін көтеру үшін, "Есікті туралау" бөліміндегі нұсқауды орындаңыз. Тоңазытқыштың оң жақ есігін сол жақ есікпен сәйкес келуі үшін реттеңіз.</li> </ul>

Белгілер	Себебі	Шешімі
<p><b>Құрылғының ішінде немесе көкөністер тарпасы қақпағының төменгі жағында конденсация бар.</b></p>	<p><b>Оны алдымен салқындатып алмай, ыстық тағамды салдыңыз ба?</b></p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Тоңазытқышқа немесе мұздатқышқа салмас бұрын, алдымен ыстық тағамды салқындатып алыңыз.</li> </ul>
	<p><b>Құрылғы есігін ашық қалдырдыңыз ба?</b></p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Құрылғы есігі жабылған соң конденсация да жоғалады, оны құрғақ шүберекпен сүртіп алуға болады.</li> </ul>
	<p><b>Құрылғы есігін тым жиі ашып-жабасыз ба?</b></p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Сырттағы температураның өзгешелігіне байланысты конденсация түзілуі мүмкін. Дымқыл жерді құрғақ шүберекпен сүртіп алыңыз.</li> </ul>
	<p><b>Контейнерге салмай ішіне жылы немесе ылғал тағам салдыңыз ба?</b></p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Тағамды қапталған немесе тығыздалған контейнерде сақтаңыз.</li> </ul>
<p><b>Тоңазытқышта мұз қатып қалған.</b></p>	<p><b>Есіктерінің дұрыс жабылмаған болуы мүмкін бе?</b></p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Құрылғының ішкі жағындағы тағамдардың есікке тіреліп тұрмағанын және есіктің мықтап жабылғанын тексеріңіз.</li> </ul>
	<p><b>Оны алдымен салқындатып алмай, ыстық тағамды салдыңыз ба?</b></p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Тоңазытқышқа немесе мұздатқышқа салмас бұрын, алдымен ыстық тағамды салқындатып алыңыз.</li> </ul>
	<p><b>Мұздатқыштың ауа кірісі немесе шығысы бітелген бе?</b></p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Ауа ішінде айнала алатындай ауа кіретін немесе шығатын жерлері бітелмегенін тексеріңіз.</li> </ul>
	<p><b>Мұздатқыш шамадан тыс толтырылған ба?</b></p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Бөліктері арасында сәйкес бос орынды қалдырыңыз.</li> </ul>

Белгілер	Себебі	Шешімі
<p>Қату немесе конденсация құрылғының ішінде немесе сыртында түзіледі.</p>	<p>Құрылғы есігін жиі ашып-жабасыз ба немесе құрылғы есігі дұрыс жабылмаған ба?</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Құрылғының ішіне сыртқы ауа кіріп кететін болса, мұздар немесе конденсат түзілуі мүмкін.</li> </ul>
	<p>Орнату ортасы ылғал ма?</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Орнату аймағы тым ылғал болса немесе жаңбырлы күн сияқты ылғал күн туындаса, құрылғының сыртқы жағында конденсация пайда болуы мүмкін. Кез келген ылғалды құрғақ шүберекпен сүртіп алыңыз.</li> </ul>
<p>Құрылғы шулы және қалыпты дыбыстарды шығарады.</p>	<p>Құрылғы әлсіз еденге орнатылған ба немесе деңгейі дұрыс реттелмеген бе?</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Құрылғыны мықты және тегіс еденге орнатыңыз.</li> </ul>
	<p>Құрылғының артқы жағы қабырғаға тиіп тұр ма?</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Құрылғының айналасында жеткілікті бос орынның болуы үшін орнату қалпын реттеңіз.</li> </ul>
	<p>Заттар құрылғының артына шашылып қалды ма?</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Құрылғының артқы жағына шашылып қалған заттарды жинап алыңыз.</li> </ul>
	<p>Құрылғының жоғарғы жағына зат қойылған ба?</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Құрылғының жоғарғы жағындағы затты алыңыз.</li> </ul>
<p>Құрылғының бүйірі немесе алдыңғы жағы жылы.</p>	<p>Есік аймағы айналасынан конденсацияның түзілуін азайту үшін құрылғының осы аймақтарында конденсацияға қарсы түтіктер болады.</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Конденсация түзілуінің алдын алу үшін жылуды шығару түтігі құрылғының алдыңғы жағына және бүйіріне орнатылады. Жаз кезінде немесе құрылғы орнатылған соң оның өте ыстық болып сезілуі мүмкін. Бұл ақаулық еместігіне және қалыпты жұмысы екендігіне сенімді болуыңызға болады.</li> </ul>
<p>Құрылғының ішінде немесе сыртында су бар.</p>	<p>Құрылғының айналасына су аққан ба?</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Судың шұңғылшадан немесе басқа орыннан ағып кеткенін тексеріңіз.</li> </ul>
	<p>Құрылғының төменгі жағында су бар ма?</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Судың қатқан еріген тағамнан немесе сынған не төгілген контейнерден ағатынын тексеріңіз.</li> </ul>

Белгілер	Себебі	Шешімі
Тырс ету шулары	Автоматты музын еріту айналымы басталған және аяқталған кезде музын ерітуді басқару қосылады. Термо реттегіш (немесе кейбір үлгілердегі құрылғыны реттегіш) те айналым қосылған және өшірілген кезде сырт еткен дыбыс шығарады.	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Қалыпты жұмысы</li> </ul>
Тырсылдаған шулар	Тырсылдаған дыбыстардың салқындатқыш ағынынан, құрылғының артындағы су жолынан (тек тазартқыш бар үлгілерде) немесе құрылғының айналасында немесе жоғарғы жағына қойылған заттардан туындауы мүмкін.	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Қалыпты жұмысы</li> </ul>
	Құрылғы өденде тегіс тұрған жоқ.	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Еден әлсіз не тегіс емес немесе теңестіру аяқтарын түзету қажет. "Есікті теңестіру" бөлімін қараңыз.</li> </ul>
	Пайдаланған кезде сызықтық компрессор бар құрылғы жылжытылған.	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Қалыпты жұмысы. Компрессор 3 минуттан кейін тырсылдағанын тоқтатпайтын болса, құрылғыны токтан ажыратып, қайта қосыңыз.</li> </ul>
Гүлдеген шулар	Мотордың булағыш желдеткіші тоңазытқыш пен муздатқыш бөліктері бойымен ауаны айналдырады.	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Қалыпты жұмысы</li> </ul>
	Конденсатор желдеткіші арқылы конденсатор үстінде ауа басып тұр.	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Қалыпты жұмысы</li> </ul>
Сылдырлаған дыбыстар	Салқындату жүйесінен ағатын салқындатқыш	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Қалыпты жұмысы</li> </ul>
Тарсылдаған шулар	Температурадағы өзгерістерге байланысты ішкі қабырғаларында нығыздалу және кеңейту орын алуы мүмкін.	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Қалыпты жұмысы</li> </ul>
Дірілдеу	Құрылғының бүйірі немесе артқы жағы шкафқа немесе қабырғаға тиіп тұрса, қалыпты дірілдеулердің кейбірі естілетін дыбыс шығаруы мүмкін.	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Шуды азайту үшін бүйірлері мен артқы жағын қабырғаға немесе шкафқа тигізіп қоймаңыз.</li> </ul>

Белгілер	Себебі	Шешімі
<p>Тұрмыстық жабдығыңыз бен смартфоньыңыз Wi-Fi желісіне қосылмаған.</p>	<p>Wi-Fi желісіне қосылу үшін пайдаланып жатқан құпиясөзіңіз дұрыс емес.</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Смартфоныңызға қосылған Wi-Fi желісін тауып, жойыңыз да, жабдығыңызды LG SmartThinQ қолданбасына қайта тіркеңіз.</li> </ul>
	<p>Смартфоныңыздың мобильді деректері қосұлы.</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Смартфонның <b>Мобильді интернет</b> функциясын өшіріңіз де, жабдықты Wi-Fi желісі арқылы қайта тіркеңіз.</li> </ul>
	<p>Сымсыз желі атауы (SSID) қате орнатылды.</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Сымсыз желінің атауы (SSID) ағылшын әріптері мен сандардан тұруы қажет. (Ерекше таңбаларды қолданбаңыз)</li> </ul>
	<p>Роутердің жиілігі 2,4 ГГц емес.</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Жиілігі 2,4 ГГц болатын роутерге ғана қолдау көрсетіледі. Сымсыз роутер жиілігін 2,4 ГГц мәніне орнатып, жабдықты сымсыз роутерге қосыңыз. Роутер жиілігін тексеру үшін, интернет провайдеріне немесе роутер өндірушісіне хабарласыңыз.</li> </ul>
	<p>Жабдық пен роутердің арасы тым алыс.</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Жабдық пен роутердің арасы тым алыс болса, сигнал әлсіз болып, байланыс дұрыс конфигурацияланбауы мүмкін. Роутерді жабдыққа жақын орналастырыңыз.</li> </ul>

<b>KZ ҚАЗАҚША</b>			
<b>A</b>	Сауда белгісі	<b>LG Electronics</b>	
<b>B</b>	Модель	GR-M24FLHL	
<b>C</b>	Тоңазытқыш құрылғының санаты	7 (Тоңазытқыш- мұздатқыш)	
<b>D</b>	Энергетикалық тиімділік класы	A+	
<b>E</b>	Қуат тұтынудың номиналды мәні, [кВт*с/жыл] Іс жүзіндегі қуат тұтынуы пайдаланылатын орынға және шарттарға байланысты болады.	420	
<b>F</b>	Тоңазытқыш бөлімнің пайдалы көлемі, [л]	401	
<b>G</b>	Мұздатқыш бөлімнің пайдалы көлемі, [л]	 ***	180
		 **	20
<b>H</b>	Қалған камералардың температурасы ( >14°C)	-	
<b>I</b>	Қырау баспайтын тоңазытқыш		
<b>J</b>	Температураның көтерілу уақыты, [ч]	10	
<b>K</b>	Қатыру қуаты [кг/24с]	10	
<b>L</b>	Климаттық классы	N-T	
		Бұл тоңазытқыш 16°C - 43°C аралығындағы температурада пайдалануға арналған	
<b>M</b>	Дыбыс қуаттылығының түзетілген деңгейі, дБА	38	
<b>N</b>	Еденде тұратын / Кірістірілетін	Еденде тұратын	



Дайындалған күні тоңазытқыштың ішінде орналасқан жапсырмада көрсетілген.

**Еске салу**

